

**Жеке тұлғаларға арнап шетелдік валютадағы және теңгемен жасырын шоттарды енгізу туралы <\*>**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 1 ақпан N 1537. Атауына өзгеріс енгізілген - ҚР Президентінің 1995.04.21. N 2230 Жарлығымен. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.09.27. N 4400 Заңымен.~Z964400

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және шетел валютасымен және теңгемен жеке адамдардың қаражатын тартуды қамтамасыз ету, жинақтарды қорғау және оларға қол сұғылмайтындығына кепілдік беру мақсатында қаулы етемін: <\*>

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілген - ҚР Президентінің 1995.04.21. N 2230 Жарлығымен.

1. Қазақстан Республикасының аумағында 1994 жылғы 15 ақпаннан бастап кепілдік берілген банктердің жеке тұлғаларға /резиденттер мен резиденттер еместерге/ шетелдік валютада және теңгемен жасырын шоттар ашуына рұқсат етілсін. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі қаржы жағынан тұрақты ірі банкке осындай шоттарды ашу және оларды жүргізу құқығын берсін. <\*>

Жасырын шот салымшының тегі, аты-жөні көрсетілмей және қандай да бір құжаттар ұсынылмай ашылады. <\*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілген және екінші абзацпен толықтырылған - ҚР Президентінің 1995.04.21. N 2230 Жарлығымен.

(2,3-тармақ) <\*> .,

Ескерту. 2,3-тармақтар күшін жойған - ҚР Президентінің 1995.04.21. N 2230 Жарлығымен.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлықтан туындайтын өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеп, оларды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына енгізу туралы Заңның жобасын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне енгізсін.

5. Осы Жарлықтың Заң күші бар және ол Қазақстан Республикасының

қазіргі заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін

қолданылады.

6. Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы 1994 жылғы 1 ақпан

№ 1537

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК